

M.S. Narikbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti



Кейс тақырыбы: 9-Кейс.

ОРЫНДАҒАНДАР: ЕРМЕНТАЙ
НҰРЖІГІТ

НҰРЖАН

АРМАНҰЛЫ

Nur-Sultan 2019

БАҚДАУЛЕТ

ЗАУРБЕК

ЕЛТАЙ ЕЛНҰР

Кейс мәтіні

- ▶ Кейс 9.
- ▶ Азамат А. (талапкер) және Алматы қаласының әкімдігі (жауапкер) арасындағы жер теліміне байланысты дауды сот үдерісінің үстінде қарастыру кезінде азамат А. сотқа өтінішхат жолдады. Өз өтінішхатында талапкер ҚР Конституциясының 78 бабына сәйкес істі тоқтата тұруға және осы істе қолдануға тиісті Жер кодексінің бабын ҚР Конституциясына сәйкес емес деп тану мақсатымен соттың ҚР Конституциялық Кеңесіне жүгінуін сұрады. Талапкердің пайымдауынша Жер кодексінің кейбір баптары оның Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарын шектейді.
- ▶ Бірақ сот талапкердің бұл өтінішхатын қанағаттандырусыз қалдырды. Судьяның ойынша, Конституцияның 78 бабына сәйкес құқықтық актіні конституциялық емес деп тану мақсатымен ҚР Конституциялық Кеңесіне жүгіну құқығы сотқа ғана берілген. Сондықтан, құқықтық актінің бабын конституциялық емес деп тану бойынша ҚР Конституциялық Кеңесіне жүгіну немесе жүгінбеу тек судьяның қарауында болады.

I. Жалпылау

- ▶ **Не болды?**
- ▶ Азамат А. мен Алматы қаласының әкімдігі арасындағы жер мәселесін соттың қарастыруы.
- ▶ Қатысушылар кім?
- ▶ Азамат А. , Алматы қаласының әкімдігі, ҚР Конституциялық Кеңесі, Судья.
- ▶ **Болып жатқан оқиғаның себептері қандай?**
- ▶ Талапкердің пайымдауынша Жер кодексінің кейбір баптары оның Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарын шектеуі.
- ▶ **Оқиғаның нәтижесі қандай?**
- ▶ Бұл кейс нәтижесінде судья талапкердің бұл өтінішхатын қанағаттандырусыз қалдыруы. Судьяның ойынша, Конституцияның 78 бабына сәйкес құқықтық актіні конституциялық емес деп тану мақсатымен ҚР Конституциялық Кеңесіне жүгіну құқығы сотқа ғана берілген.

II. Ағымдағы тақырыпқа қатысты мәселені тұжырымдау.

- ▶ Талапкер ҚР Конституциялық Кеңесіне белгілі құқықтық актінің бабын конституциялық емес деп тану мақсатымен жүгіне алады ма?
- ▶ Бұл кейсте судьяның ҚР Конституциялық Кеңесіне жүгінбей істі қанағаттандырусыз қалдыруы заңды ма?

III. Қатысушылардың сипаттамасы және құқықтық мәртебелері.

- ▶ Талапкер Азамат А. – сотқа өтінішхат тастаушы, өзінің жер кодексі заңдары бұзылғанын сотқа өтініш жіберіп, өз құқығын талап етуші. Кейсте Азамат А. Туралы өзге ақпарат болмағандықтан, ол 18 жасқа толған, физикалық және психикалық денсаулығы жақсы (яғни, әрекет қабілеттілігі бар) деп саналады.
- ▶ Судья – яғни талапкер Азамат А. мен жауапкер Алматы қаласының әкімдігінің арасындағы келіспеушілікті дұрыс жағынан шешуші тұлға болып табылады. Судья – сот жүйесінде сот органының құрамына сайланған немесе тағайындалған лауазымды адам, сот билігін атқарушы. Оған конституциялық тәртіппен сот төрелігін жүзеге асыру және өзінің міндеттерін кәсіби негізде атқару құқықтары берілген. Яғни, талапкердің шешімін қанаттандырусыз қалдарған тұлға.
- ▶ Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі жеті мүшеден тұрады, олардың өкілеттігі алты жылға созылады. Конституциялық Кеңес соттардың өтініштерін Конституцияның 78-бабында белгіленген реттерде қарайды.

IV. Теориялық базис

- ▶ Осы жағдайда, “Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы”, және “Қазақстан Республикасының Конституциясы”, Жер кодексі туралы заңдарды немесе т.б заңнамалық актілерді қолдану қажет деп ойлаймын. Өйткені Қазақстан Республикасында жер туралы түсінішпеушіліктер мен келеңсіздіктер және “Қазақстан Республикасының Кеңесіне” жүгіну қарастырылғандықтан осы заңдарды қарастырдық және осы кейсте көрсетілген жағдаяттар осы заңдармен реттеледі.

V. Сіздің ұсынысыңыз

- ▶ Азамат А. мен Алматы қаласының әкімдігі арасындағы жер мәселесін соттың қарастыру оқиғасы орын алған жағдайда, нормативтік-құқықтық актілерде (кодекстер, заңдар, қаулылар, қағидалар және с.с) белгіленген мәселе оқиғасына қатысушылардың **құқықтары мен міндеттерін** анықтау өте маңызды. Өйткені, осы нормативтік-құқықтық актілерді зерттеу нәтижесінде мәселеге қатысушылардың мүмкін әрекет мөлшері және олар нақты қандай әрекеттерді жасауға міндетті екендігін анықтаймыз. Сонымен бірге, олардың әрекеттері дұрыс не бұрыс екендігін негіздейміз.

VI. Іс-қимыл жоспары

- ▶ Орын алған мәселе нәтижесінде туындаған қатынастарды жоғарыда айтылып кеткен нормативтік-құқықтық актілер қалай реттейтіндігін анықтау.
- ▶ 1.
- ▶ а) ” Талапкердің сотқа жүгінуі» конституцияда кеңінен қарастырылған. Сондықтан талапкер Азамат А.-ның сотқа жүгінуі қалыпты жағдай.
- ▶ б) Судья тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылуы мүмкін. Себебі бұл кейсте судья талапкердің құқығын қорғау мақсатында жұмыс атқармаған. Сондықтан “Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы” ережелерде көрсетілгендей 2-тараудың 39-40баптарына сәйкес жазаланады.

VII. Кейс шешімі

- ▶ Кейсті шешу барысында біз “Қазақстан Республикасының Конституцияның” 78-бабына сүйене отырып шешім қабылдадық.
- ▶ 78-бапта : Соттардың Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға хақысы жоқ. Егер сот қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт Конституциямен баянды етілген **адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінуге міндетті.**
- ▶ Яғни судья Талапкер Азамат А.-ның өтінішхатына негізсіз шешім қабылдап, өз жазасын алуы қажет.

Сұрақтар

- ▶ Осы жағдайда соттың әрекет дұрыс болды ма?
- ▶ Соттан басқа сот үдерісінің қатысушылары ҚР Конституциялық Кеңесіне белгілі құқықтық актінің бабын конституциялық емес деп тану мақсатымен жүгіне алады ма?
- ▶ Өз жауаптарыңызды дәйектеңіз.

- ▶ Кейс шешу кезінде ҚР Конституциясын, «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық заңды, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңды, қажет жағдайда басқа да құқықтық актілерді қолданыңыздар.

Сұрақ жауаптары

- ▶ 1. Бұл әрекетте судьяның іс-әрекеті бұрыс болып табылады.
- ▶ 2. Соттан басқа сот үдерістерінің қатысушылары Қазақстан Республикасының Кеңесіне белгілі құқықтық актінің бабын конституциялық емес деп тану мақсатымен жүгіне алады, бірақ тек сот арқылы ұсына алады.



Назарларыңызға
рахмет!